

# МЕҢІҢ ӘКЕМ

**ЖҰБАНОВА М.,**

педагогика ғылымдарының кандидаты

Әр бала өз әкесін, әр әке өз баласын жақсы көреді, бұл табиғи сезім ғой. Бірақ менің әкеме деген сезімім сол табиғи сезімнен де басымырақ деп ойлаймын. Және оның негізі де жоқ емес.

Бала күнімнен бастап, күні бүгінге дейін менің сүйегіме сіңіп қалған ең күшті сезім - әкені сағыну болды. Сәби шағымды еске алсам, буалдыр сағымдай болып, не әкемді шығарып салып жатқанымыз, не бір жақтан қарсы алып жатқанымыз елестейді көз алдыма.

«Әне папам келеді, міне папам келеді» деп күткеніміз, немесе мен ойыннан үйге оралмай қойғанда «үйге папаң келді», - деп, ересек адамдардың алдап әкелетіні, алданған көңілдің сағынышы мен өкініші кішкентай жүрегімді жарып жібере жаздайтыны есімнен кетпейді. Осыған қарағанда жиі бір жылдың он екі айын толық бізбен бірге өткізіп көрмеген – ау деймін.

Содан барып, әкені көру, онымен бірге болу – мен үшін арманға айналса керек.

Менің әкем – қазақ тілі ғылымының іргетасын қалаған ғалым, Қазақтың совет дәуіріндегі тұңғыш профессоры, батыс пен шығыс тілдерін бірдей білген полиглот адам. Бірақ ол осы дәрежеге жету үшін, қазіргі адамдардай, орта мектепті жоғары оқу орнымен, оны аспирантура, докторантурамен үзбей жалғастырған да емес. Қызметін істей жүріп, бала – шағасын асырай жүріп, кезі келгенде отбасын қызмет істеген жерлеріне көшіріп алып, кезі келмесе, ауылда қалдырып кетіп жүріп жеткен. Біздің оны аз көруіміздің, үнемі сағынып кездесуіміздің негізгі себебі де сол.

Ес білгеннен кейін ғана әкемнің өмірбаянымен танысып қарасам, ол бала кезінен білімге өте құмар болып үнемі ізденіп, өздігінен оқыған екен. Оның мектепте оқыған жылдары көп болғанымен, аз жылда көп білім ала біліпті. Қазақ тілі мен орыс тіліне қоса, шығыс тілдерінен: араб, парсы, түрік; еуропа тілдерінен: неміс, ағылшын, француз тілдерін жете білгеніне таң қалдым. Біздің қазіргі түсінігімізбен қарағанда, осыншама тілді біліп алу үшін, ең кем дегенде, екі институт бітіру керек болар еді. Оған ең алғыр деген адамның 28-30 жасы кетер еді. Әкемнің барлық оқыған жылдары (ауыл мектебін есептемегенде) 1914 жылы Орынбардағы «Құсайнияға» түсіп соны бітіріпті. 1916 жылы Жұрындағы екі кластық 4 жылдық мектепті бір жылда бітіріпті.

1917 жылы Елек қаласындағы училищені бір жылда бітіріп, 1918 жылы ауылға оралыпты. Санап қарасак, барлығы төрт жыл, бірақ сол төрт жыл ішінде ол медреседе оқыған кезінде шығыс тілдерін медресенін бағдарламасынан артығырақ білген. Орыс мектептерінде не – бәрі екі-ак жыл оқып, 5-6 сыныптың бағдарламасын меңгерген де, қалғанын өздігінен оқып жетілдірген және батыс Еуропа тілдерін жеке адамдардан сабақ алып,